

ISSN (Print) 2616-7263
ISSN (Online) 2663-1261

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov Eurasian
National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР сериясы

TECHNICAL SCIENCES AND TECHNOLOGY Series

Серия **ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ И ТЕХНОЛОГИИ**

№3(128)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

*Бас редакторы Мерзадинова Г.Т.
т.ғ.д, проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

*Бас редактордың орынбасары Жусупбеков А.Ж.
т.ғ.д, проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

*Бас редактордың орынбасары Тогизбаева Б.Б.
т.ғ.д., проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

*Бас редактордың орынбасары Сарсембаев Б.К.
т.ғ.к., доцент, Назарбаев университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

Редакция алқасы

Акира Хасегава	проф., Хачинохе технологиялық институты, Хачинохе, Жапония
Акитоши Мочизуки	проф., Токусима Университеті, Токусима, Жапония
Базарбаев Д.О.	PhD, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қазақстан
Байдабеков А.К.	т.ғ.д., проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Дер Вэн Чанг	проф., Тамкан Университеті, Тайбэй, Тайвань
Жардемов Б.Б.	т.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Жумагулов М.Г.	PhD, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Йошинори Ивасаки	проф., Геологиялық зерттеулер институты, Осака, Жапония
Калякин В.Н.	проф., Делавэр Университеті, Ньюарк, АҚШ
Тадатсугу Танака	проф., Токио Университеті, Токия, Жапония
Хое Линг	проф. Колумбия Университеті, Нью-Йорк, АҚШ
Чекаева Р.У.	а.к., проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Шахмов Ж.А.	PhD, доцент., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Юн Чул Шин	проф., Инчеон ұлттық университеті, Инчеон, Оңтүстік Корея

0

*Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтбаев к-сі, 2, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 349 б.
Тел: +7 (7172) 709-500 (ішкі 31-428). E-mail: vest_techsci@enu.kz*

Жауапты хатшы, компьютерде беттеген: А. Нұрболат

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы.
ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР сериясы
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" ШЖҚ РМК
Мерзімділігі: жылына 4 рет
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018ж.
№16991 -ж тіркеу күәлігімен тіркелген
Тиражы: 25 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі 12/1
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тел: +7 (7172)709-500 (ішкі 31-428). Сайт: <http://bultech.enu.kz>

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Gulnara Merzadinova**

Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief **Askar Zhussupbekov**

Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief **Baglan Togizbayeva**

Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief **Bayandy Sarsembayev**

Assoc. Prof., Nazarbayev University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Editorial Board

Akira Hasegawa	Prof., Hachinohe Institute of Thechnology, Hachinohe, Japan
Akitoshi Mochizuki	Prof., University of Tokushima, Tokushima, Japan
Daniyar Bazarbayev	Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Auez Baydabekov	Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Rahima Chekaeva	Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Der Wen Chang	Prof., Tamkang University, Taipei, Taiwan (ROC)
Eun Chul Shin	Prof., Incheon National University, Incheon, South Korea
Hoe Ling	Prof., Columbia University, New York, USA
Viktor Kaliakin	Prof., University of Delaware, Newark, Delaware, USA
Zhanbolat Shakhmov	Assoc.Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Tadatsugu Tanaka	Prof., University of Tokyo, Tokyo, Japan
Yoshinori Iwasaki	Prof., Geo Research Institute, Osaka, Japan
Bolat Zardemov	Doctor of Engineering, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Mihail Zhumagulov	Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan

Editorial address:

2, Satpayev str., of. 349, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008

Tel.: +7 (7172) 709-500 (ext. 31-428), E-mail: vest_techsci@enu.kz

Responsible secretary, computer layout: Aizhan Nurbolat

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University.

TECHNICAL SCIENCES and TECHNOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct "L.N. Gumilyov Eurasian National University" Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Periodicity: 4 times a year

Registered by the Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan

Registration certificate №16991-ж from 27.03.2018. Circulation: 25 copies

Address of Printing Office: 12/1 Kazhimukan str., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan 010008

Tel: +7 (7172) 709-500 (ext.31-428). Website: <http://bultech.enu.kz>

© L.N.Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор Мерзединова Г.Т.
д.т.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Зам. главного редактора Жусупбеков А.Ж.
д.т.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Зам. главного редактора Тогизбаева Б.Б.
д.т.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Зам. главного редактора Сарсембаев Б.К.
к.т.н., доцент, Назарбаев университет, Нур-Султан, Казахстан

Редакционная коллегия

Акира Хасегава	проф., Технологический институт Хачинохе, Хачинохе, Япония
Акитоши Мочизуки	проф., Университет Токусима, Токусима, Япония
Базарбаев Д.О.	PhD, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Казахстан
Байдабеков А.К.	д.т.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Дер Вэн Чанг	проф., Тамканский Университет, Тайбэй, Тайвань
Жардемов Б.Б.	д.т.н., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Жумагулов М.Г.	PhD, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Йошинори Ивасаки	проф., Институт геологических исследований, Осака, Япония
Калякин В.Н.	проф., Делаверский Университет, Ньюарк, США
Тадатсугу Танака	проф., Токийский Университет, Токио, Япония
Хое Линг	проф., Колумбийский университет, Нью-Йорк, США
Чекаева Р.У.	к.а., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Шахмов Ж.А.	PhD, доцент, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Юн Чул Шин	проф., Инчхонский национальный университет, Инчхон, Южная Корея

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, каб. 349
Тел: +7(7172) 709-500 (вн. 31-428). *E-mail:* vest_techsci@enu.kz

Ответственный секретарь, компьютерная верстка: А. Нурболат

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева.

Серия ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ И ТЕХНОЛОГИИ

Собственник: РГП на ПХВ "Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева" МОН РК

Периодичность: 4 раза в год

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Регистрационное свидетельство №16991-ж от 27.03.2018 г.

Тираж: 25 экземпляров. Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1,

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Тел.: +7(7172)709-500 (вн.31-428). Сайт: <http://bultech.enu.kz>

МАЗМҰНЫ

<i>Байхожаева Б.Ұ., Абенова А.А.</i> Өнімнің сәйкестігін растау - өнім қауіпсіздігінің кепілі	8
<i>Жакупова А.Е., Калманова Д.М., Жұбаниязова К.Қ., Абсалым К.А.</i> Симметриялы емес диметилгидразиннің (СЕДМГ) зымыран-тасығыштар сатыларының құлау аудандарындағы қоршаған ортаға әсері	15
<i>Жусин Б.Т., Гуляренко А.А., Тайманова Г.К., Тұймабай А.С.</i> Топырақ өңдеу машиналарының жұмыс органдарының әдірлікті қауіпсіздігін зерттеу әдістемесі	22
<i>Замалитдинова М.Г., Ткачева И.П., Ергалиев Д.С., Сейтқожина А.</i> Ғарыш суреттерін пайдалану негізінде NDVI өсімдік индекcін қолдануымен Арал теңізі аймағында өсімдіктердің өзгеруін зерттеу	32
<i>Келаманов Б.С., Жумағалиев Е.У., Сариев О.Р., Абдирашит А.М., Бурумбаев А.Г.</i> Fe-W-Si-C жүйесінің термодинамикалық-диаграммалық талдауы	39
<i>Нурпеисова М.Б., Левин Е., Кыргызбаева Г.М., Доненбаева Н.С.</i> Ашық және жерасты тау-кен қазбаларының өзара әсерінен туындайтын геомеханикалық процестерді математикалық модельдеу	45
<i>Ниязбекова Р.К., Ибжанова А.А., Веретельников Н.В., Джанахметов У.К.</i> Сабаннан жасалған қағаздың тосқауыл қасиеттерін және микро және нанобөлшектерінің өткізгіштігін зерттеу, жаңа өнімді стандарттау үшін ұсыныстар	51
<i>Оразбаев Б.Б., Сейтова Н.Н., Оразбаева К.Н., Серимбетов Б.А., Мазатова В.Е.</i> Күкірт өндіру блогы негізгі агрегаттарының математикалық модельдер кешенін жүйелік талдау негізінде құру	57
<i>Рамазанова Ж.М., Мустафа Л., Ергалиев Д., Жакупова А., Бейсембаева Б.</i> Электродит ерітінділерінде микроплазмалық емдеу процесін зерттеу	67
<i>Сеилов Ш.Ж., Боранбаев С.Н., Касенова М.Н., Сейлов А.А., Шингисов Д.С.</i> Ақпараттық-коммуникациялық трафикті интеллектуалды талдау	76
<i>Сузев Н.А., Утепов Е.Б., Роот Е.Н., Шахмов Ж.А., Линг Х.И., Жусупбеков А.Ж.</i> Өздігінен тығыздалатын бетонның құрылыс алаңдарына әсері	88
<i>Туленов А., Шойбеков Б.Ж., Усипбаев У.А., Кокаев У.Ш., Абдираимов Е.Е.</i> Автомобиль көлігі жылжымалы құрамын техникалық пайдалану нормативтерін бағалау	98
<i>Утепов Е.Б., Казжеев А.Б., Калякин В.Н., Жусупбеков А.Ж.</i> Құрылысты жоспарлау үшін кеңейтілген шындықтың мәні	104
<i>Цой А.П., Алимжешова А.Х.</i> Фермадағы сүтті салқындатуға арналған жердің тиімді сәулеленуін пайдаланатын құрылысы	111

**BULLETIN OF L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY.
TECHNICAL SCIENCE AND TECHNOLOGY SERIES**

№3(128)/2019

CONTENTS

<i>Baikhozhayeva B.U., Abenova A.A.</i> Product conformity confirmations - product safety guarantee	8
<i>Zhakupova A.Y., Kalmanova D.M., Zhubaniyazova K.K., Absalyam K.A.</i> Influence of asymmetric dimethylhydrazine on the environmental condition in the falling areas of stages of rocket	15
<i>Zhusin B.T., Guliarenko A.A., Taimanova G.K., Tuimebay A.S.</i> To determination of wear-resistance of working bodies of soil machining machines	22
<i>Zamalitdinova M.G., Tkacheva I.P., Ergaliev D.S., Seitkogina A.</i> Study of vegetation changes in the Aral Sea zone based on satellite images using the vegetative index NDVI	32
<i>Kelamanov B.S., Zhumagaliyev Ye.U., Sariyev O.R., Abdirashit A.M., Burumbayev A.G.</i> Thermodynamic diagram analysis of the system Fe-W-Si-C	39
<i>Nurpeisova M.B., Levin E., Kirgizbayeva G.M., Donenbaeva N.S.</i> Mathematical modeling of geomechanical processes with the mutual influence of open and underground mining	45
<i>Niyazbekova R.K., Ibzhanova A.A., Veretelnikov N.V., Dzhanakhmetov U.K.</i> Studies of the barrier properties and transmittance of micro-and nanoparticles of paper from straw and recommendations for standardization of new products	51
<i>Orazbayev B.B., Seitova N.N., Orazbayeva K.N., Serimbetov B.A., Makhatova V.E.</i> Development of mathematical models of the main units of the sulfur production unit based on system analysis	57
<i>Ramazanova Zh.M., Mustafa L., Ergaleev D., Zhakupova A., Beisembayeva B.</i> Investigation of the process of microplasma treatment in electrolyte solutions	67
<i>Seilov Sh.Zh., Boranbayev S.N., Kassenova M.N., Seilov A.A., Shingissov D.S.</i> Intellectual analysis of information and communication traffic	76
<i>Suzev N.A., Uteпов Ye.B., Root Ye.N., Shakhmov Zh.A., Ling H.I., Zhussupbekov A.Zh.</i> Impact of self-compacting concrete for construction sites	88
<i>Tulenov A., Shoybekov B.Zh., Usipbaev U.A., Kokayev U.Sh., Abdiraimov E.E.</i> The technical operation's standards evaluation of the road transport's rolling stock	98
<i>Uteпов Ye.B., Kazkeev A.B., Kaliakin V.N., Zhussupbekov A.Zh.</i> Value of augmented reality for construction planning	106
<i>Coj A.P., Alimkeshova A.H.</i> Setting for cooling milk on a farm, using efficient earth radiation	111

СОДЕРЖАНИЕ

	8
<i>Байхожжаева Б.У., Абеннова А.А.</i> Подтверждение соответствия продукции – залог безопасности продукции	
<i>Жакупова А.Е., Калманова Д.М., Жубаниязова К.К., Абсалям К.А.</i> Воздействие несимметричного диметилгидразина (НДМГ) на состояние окружающей среды в районах падения ступеней ракет-носителей	15
<i>Жусин Б.Т., Гуляренко А.А., Тайманова Г.К., Туймебай А.С.</i> К определению износостойкости рабочих органов почвообрабатывающих машин	22
<i>Замалитдинова М.Г., Ткачева И.П., Ергалиев Д.С., Сейткочжина А.</i> Исследование изменения растительности в зоне Аральского моря на основе космических снимков с использованием вегетационного индекса NDVI	32
<i>Келаманов Б.С., Жумагалиев Е.У., Сариев О.Р., Абдирашит А.М., Бурумбаев А.Г.</i> Термодинамически-диаграммный анализ системы Fe-W-Si-C	39
<i>Нурпеисова М.Б., Левин Е., Кыргызбаева Г.М., Доненбаева Н.С.</i> Математическое моделирование геомеханических процессов при взаимном влиянии открытых и подземных горных выработок	45
<i>Ниязбекова Р.К., Ибжанова А.А., Веретельников Н.В., Джанахметов У.К.</i> Исследования барьерных свойств и пропускаемости микро- и наночастиц бумаги из соломы и рекомендации для стандартизации новой продукции	51
<i>Оразбаев Б.Б., Сейтова Н.Н., Оразбаева К.Н., Серимбетов Б.А., Махатова В.Е.</i> Разработка математических моделей основных агрегатов блока производства серы на основе системного анализа	57
<i>Рамазанова Ж.М., Мустафа Л., Ергалиев Д., Жакупова А., Бейсембаева Б.</i> Исследование процесса микроплазменной обработки в растворах электролитов	67
<i>Сеилов Ш.Ж., Боранбаев С.Н., Касенова М.Н., Сейлов А.А., Шингисов Д.С.</i> Интеллектуальный анализ информационно-коммуникационного трафика	76
<i>Сузев Н.А., Утепов Е.Б., Роот Е.Н., Шахматов Ж.А., Линг Х.И., Жусупбеков А.Ж.</i> Эффект самоуплотняющегося бетона для строительных площадок	88
<i>Туленов А., Шойбеков Б.Ж., Усипбаев У.А., Кокаев У.Ш., Абдираимов Е.Е.</i> Оценка нормативов технической эксплуатации подвижного состава автомобильного транспорта	98
<i>Утепов Е.Б., Казкеев А.Б., Калякин В.Н., Жусупбеков А.Ж.</i> Значение дополненной реальности для планирования строительства	104
<i>Цой А.П., Алимжешова А.Х.</i> Установка для охлаждения молока на ферме, использующая эффективное излучение Земли	111



МРНТИ 81.81.25

Б.Ұ. Байхожаева, А.А. Абенова

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: bajxozhaeva63@mail.ru, aijan91.kz@mail.ru)*

Өнімнің сәйкестігін растау - өнім қауіпсіздігінің кепілі

Аннотация: Өнімдердің сәйкестігін растау процедураларын жүргізу мақсаты адамдардың өмірі мен денсаулығын, азаматтар мен қоршаған ортаны қорғау үшін өнімнің, үрдістердің, жұмыстардың, қызметтердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Көп жағдайда сәйкестікті растау жөніндегі құжаттар импорттық өнімдер үшін рәсімделеді және жиі кездесетін жасанды, сапасыз, қауіпті өнімдер еліміздің аумағына сырттан жеткізіледі. Мақалада осы мәселені шешу мақсатында Еуропалық одақ және Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің мысалында шет ел тәжірибиесі қарастырылады. Нәтижесінде мақалада еліміздің ішкі нарығын қауіпті, сапасыз немесе жасанды өнімнен сақтау үшін сәйкестік растау жөніндегі жұмыстарды жүргізу процедураларының сенімділігін және ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар ұсынылады. Бұл ұсынылып отырған шаралар өнімнің сәйкестігін растау саласында қазіргі уақыттағы өзекті мәселені, жасанды сәйкестікті растау құжаттарын қолдану, шешуге өз септігін тигізеді.

Түйін сөздер: қауіпсіздік, сапа, сертификаттау, ақпараттық қамтамасыз ету, сәйкестік сертификаты, сәйкестік туралы декларация.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7263-2019-128-3-8-14>

Сәйкестікті растау жөніндегі қызмет тұтынушыларды адал емес өндірушілер мен сатушылар ұсынатын қауіпті, сапасыз, жасанды өнімнен қорғауға бағытталған.

Көп жағдайда әлемнің көптеген елдерінде қоғамды және өз тұрғындарының өмірі, денсаулығы, мүлкі және қоршаған орта үшін тікелей қауіпті өнімнен қорғау қызметін мемлекет өзіне алады. Осы мақсатта сәйкес заңдар қабылданады, өнімдерге қатысты міндетті талаптар орнатылады, сәйкестікті растау жөніндегі органдардың және осы міндетті талаптарға сәйкестікті растау үшін сынақ зертханаларының инфрақұрылымы құрылады [1].

Қазақстан Республикасында ұлттық аккредиттеу жүйесінің шеңберінде аккредиттеу ұғымы ретінде ең алдымен ел аумағына жеткізілетін тауарлардың қауіпсіздігі мен сапасын тексеру бойынша жұмыстарды атқаруға рұқсат беру түсініледі. Тауарлардың сәйкестігін растаумен арнайы ұйымдар – сәйкестікті растау жөніндегі органдар мен сынақ зертханалары (орталықтары) айналысады. Сынақ зертханалары өнімді сынауды жүргізеді, ал сәйкестікті растау жөніндегі органдар осы сынақтардың негізінде өтінім берушілерге сәйкестік сертификаттарын береді немесе сәйкестік туралы декларацияларды тіркейді. Сәйкестікті растау жөніндегі органдармен мен сынақ зертханаларының жұмысының сапасынан өнімнің сапасын қамтамасыз ету тікелей тәуелді, сондықтан да жұмыстың осы түрімен құзыретті сәйкестікті растау жөніндегі органдар, сынақ зертханалары және мамандар айналасуы тиіс. Ұйымдардың сәйкестікті бағалау жұмыстарын атқаруға құзыреттілігін тану түрі осы аккредиттеу процедурасы болып табылады. Сондықтан да аккредиттеу жөніндегі органдардың атқаратын қызметі бұл мәселеде өте маңызды.

Қазақстан Республикасында өнімнің сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі шеңберінде және Кеден одағы шеңберінде жүзеге асырылады. Сәйкестікті растау келесі нысанда жүзеге асырылады: кәсіпорын-өндірушімен (орындаушымен) сәйкестік туралы декларацияны қабылдау және сертификаттау жүргізу түрінде [2].

Сәйкестікті растау міндетті және ерікті сипатта болады, олардың ерекшеліктері кестеде келтірілген (Кесте). Тағамдық өнімдердің қауіпсіздігі мен сапасы ұлт денсаулығын анықтайтын және сақтайтын ең негізгі факторлардың бірі болып табылады. Бәрімізге белгілі, адам денсаулығы үшін қауіпті заттардың 70% тағам арқылы, 30% су және ауа арқылы ағзамызға енеді. Сондықтан да тұтыну тауарлары ең бірінші болып міндетті сәйкестікті растауға жататын өнімдердің тізіміне енген.

Кесте 1 - Міндетті және ерікті сәйкестікті растаудың ерекшеліктері

Сәйкестікті растау сипаты	Жүргізудің негізгі мақсаты	Жүргізуге негіз	Объектілері	Сәйкестікті растау негізі
Міндетті	Өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету	ҚР заңнамалық актілері	ҚР Үкімет қаулысымен бекітілген міндетті сәйкестікті растауға жататын өнімдер тізімі	Сәйкес заңмен қарастырылған міндетті талаптарға сәйкестігін растау
Ерікті	Кәсіпорын өнімінің (қызметтің) бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету. Қауіпсіздік талаптарына сай өнім (қызмет) жарнамасы	Өтінім берушінің қалауы бойынша	Кез-келген объектілер	Сәйкестікті растау жөніндегі органмен келісілген өтінім берушінің талаптарына сәйкестігін бағалау

Өнімнің сәйкестігін растайтын құжаттар, яғни сәйкестік сертификаттары және сәйкестік туралы декларациялар, көп жағдайда сырттан жеткізілетін өнімге рәсімделеді. Барлық өнім жеткізушілері импортқа қажетті рұқсат беру құжаттарының тез рәсімделгенін қалайды, бірақ та қағаздарды рәсімдеу біраз уақытты қажет ететін болғандықтан адал емес жеткізушілер зертханалық сынақтарлы жүргізбей жалған сәйкестік растау құжаттарын сатып алуға жүгінетін жағдайлар көп. Бұл жағдайда нарыққа сапасыз, адам денсаулығына қауіпті өнім келіп түседі. Қалыптасқан жағдайда өнімнің сәйкестігін растау саласында өзекті мәселе Қазақстан Республикасының және Еуразиялық Экономикалық одаққа мүше-мемлекеттердің сәйкестікті растау жөніндегі адал емес органдардың жалған сәйкестікті растау туралы құжаттарды беруге қарсы жүйеленген әдістердің жоқтығы болып табылады.

Жалған сәйкестік туралы құжаттарды беруге қарсы жүйеленген шараларды әзірлеу үшін Еуропалық одақ және Еуразиялық Экономикалық одаққа мүше-мемлекеттердегі жұмыс тәжірибиесін қарастыру қажет.

Еуропалық одақтағы тәжірибие: Еуропалық одақ нарығында сапасыз өнім алып келу, айналымы және сапасыз тауар өндірісін құруды болдырмау үшін техникалық реттеу шаралары қолданылады. Еуропалық одақ елдерінде сәйкестікті бағалау процедураларының негізгі міндеттері сатып алушы және соңғы тұтынушы үшін өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай – ақ қадағалау органдарын өндіруші нақты өнімді жобалау және өндіру

кезінде, Еуропалық одақта техникалық реттеу саласында үйлестірілген заңнаманың барлық талаптарын орындағанын және сәйкес талаптарға және стандарттарға жауап беретіндігі туралы ақпараттандыру болып табылады.

Еуропалық одақта Кеден органдары шекарада халыққа қауіп төндіруі мүмкін өнімді ішкі нарыққа алып келуге жол бермеу бойынша қызметті атқарады. Еуропалық одақтың кеден қызметі мен қадағалау органдарының бірлесіп жұмыс атқаруы шекарада, ішкі нарыққа келіп түскенге дейін, тауардың және сәйкестікті растайтын құжаттардың қажетті тексеруін қамтамасыз етеді. Еуропалық одақ нарығына сапасыз өнімнің енуін болдырмау үшін қадағалау органдарымен кеден қызметіне әр түрлі тауар тобы үшін қарапайым қауіпсіздік ақауларын анықтау механизмі бойынша бақылау тізімдері беріледі. Кедендік және қадағалау органдарының тиімді бірлесіп жұмыс істеуінің мысалы ретінде Дания мемлекетінің тәжірибиесін келтіруге болады. Мұнда кеден органдарының өкілдерінде сандық фотоаппарат және уәкілетті органдағы қызметкерлердің байланысы бар, бұл кеден қызметінің қызметкеріне күмәнді тауардың сандық фото суретін жасап қадағалау бойынша инспекторға кеңес алу үшін жіберуге мүмкіндік береді. Өнімнің қауіпсіздік талаптары күрделі болған жағдайда Еуропалық одақтың кеден қызметі өнім өндірісін, айналымын тоқтатып қадағалау органдарынан қосымша зерттеулер мен сынаулар жүргізуді сұрайды [3].

Көрсетілген Еуропалық одақтағы кеден қызметінің және бақылау-қадағалау органдарының бірлесіп қызмет атқару сұлбасы тиімді деп есептейміз, себебі бірлескен іс-әрекеттің арқасында өнімнің айналымға түспей тұрып жалған сәйкестік құжаттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Жалған сәйкестік туралы құжаттарға қарсы шаралардың бірі профилактикалық іс-шаралар болуы керек, Еуропалық одақтағы сияқты біздің елдің тұрғындары да жеке қолдануға сатып алынатын өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне талап қоя білуі қажет. Тұтынушылардың құқықтық және ақпараттық қамтамасыз етілуі жалған сәйкестікті растау құжаттарын анықтауға өз көмегін тигізеді.

Жоғарыда келтірілген Еуропалық одақ елдерінде қолданылатын іс-шаралар тиімді және заман талабына сай келеді деп есептейміз.

Ал енді Еуропалық экономикалық одақ елдеріндегі тәжірибиеге тоқталатын болсақ: Еуразиялық экономикалық одақ халықаралық құқық субъектілігі бар аумақтық экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы болып табылады. Одақ шеңберінде тауарлардың, қызметтің, капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалысы, Келісіммен және Одақ шеңберіндегі халықаралық келісім-шарттармен анықталған экономика салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірегей саясат жүргізу қамтамасыз етіледі [4].

Қазіргі кезде Одаққа мүше-мемлекеттер: Ресей, Белоруссия, Қазақстан, Армения және Қырғызстан. Мүшелікке еруге келіссөздер жүргізуде: Египет, Тайланд, Иран, Моңғолия.

Еуропалық Экономикалық одақтың техникалық реттеу жүйесінде құзіреттілік бөлінген: техникалық реттеу сұрақтарымен ұлттықтан жоғары орган – Еуропалық Экономикалық комиссия айналасады. Стандарттар әзірлеумен, сәйкестікті растаумен, метрология сұрақтарымен және мемлекеттік бақылаумен мүше мемлекеттер ел дегейінде айналысады. Әкімшілік органдар келесілер: Ресей – Техникалық реттеу және метрология жөніндегі федералдық агенттік, Беларусь мемлекетінде - Беларусь Республикасының стандарттау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасында – Техникалық реттеу және метрология комитеті, Армения Республикасында - Армения Республикасының экономикалық даму министрілігіндегі стандарттар және сапа Ұлттық институты, Қырғызстан Республикасында – Қырғызстан Республикасының стандарттау және метрология Ұлттық институты.

Еуразиялық Экономикалық одақта 2017 жылы бір елдің басқа Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің өтінім берушілеріне берген жалған сәйкестік сертификаттарына жауап берудің ерекше тәртібін әзірлеу үшін, жаңа бір құрылым жалған (жасанды) сәйкестік сертификаттарымен күресу үшін құрылған. Құрылған жаңа құрылым аккредиттеу органдарының тарапынан барлық әрекеттеріне жауап береді және бұзушылықтарды жою үшін тиісті шаралар қабылдайды. Сондай-ақ ол сәйкестік сертификаттарын берудің кеден одағының техникалық регламенттеріне сәйкес сақталуы тиіс тәртібін реттейді. Сонымен бірге

сертификаттардың үлгілері жетілдіріледі, дәлірек сертификатта сәйкестікті растау жөніндегі орган тиісті процедураларды толық көлемде сақтай алғандығын куәландыратын ақпарат енгізу жоспарлануда.

Жалған сәйкестік туралы құжаттарды беруге қарсы механизм сәйкестік туралы процедураларды ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады деп есептейміз. Себебі ақпараттық қамтамасыз ету техникалық регламент, стандарт, сондай-ақ басқа құқықтық және нормативтік құжаттарда орнатылған қауіпсіздік талаптарына өнімнің сәйкестігін растау бойынша тәуелсіз сынақтарды ресурстық қамтамасыз етудің негізгі түрі болып табылады.

Өнімнің сәйкестігін растау үрдісі күрделі өңделетін ақпараттар көлемімен байланысты, бұл ақпараттар объективті және сенімді болуы тиіс. Өнімнің сәйкестігін растау жұмыстарын сәйкестікті растау процедураларын ақпараттық қамтамасыз етуді жүйелендіру және жақсарту жолымен ұйымдастыру орынды.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында Кеден одағының және Қазақстан Республикасының берілген сәйкестік сертификаттары мен тіркелген сәйкестік туралы декларацияларының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігін Қазақстан Республикасының аккредиттеу жөніндегі органы «Ұлттық аккредиттеу орталығы» ЖШС «Сәйкестік туралы тіркелген декларациялар, берілген сәйкестік сертификаттары туралы, сертификаттаудан бас тарту туралы деректердің электрондық есебін және оларды беруді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2010 жылғы 19 шілдедегі № 169 Бұйрығы және «Сәйкестік туралы тіркелген декларациялар және берілген сәйкестік сертификаттардың бірегей тізілімін құру және жүргізу тәртібі туралы» Еуразиялық экономикалық коомиссияның 2017 жылғы 26 қыркүйектегі №127 шешіміне сәйкес жүргізеді.


Кеден одағының шеңберінде Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 53-бабына сәйкес Одақта айналымға шығарылатын өнімдер қауіпсіз болуы тиіс, яғни нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес болуы тиіс. Осы мақсаттар үшін, Кеден одағының шеңберінде, Еуразиялық экономикалық одақ Келісімінің талаптарына сәйкес мүше-мемлекеттер сәйкестікті бағалау органдарының (соның ішінде сынақ зертханаларының (орталықтарының)) мүше-мемлекеттердің ұлттық аккредиттеу жүйелеріндегі аккредиттеу процедураларын өзара мойындайды және Еуразиялық экономикалық комиссия аккредиттеу субъектілерінің, берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларацияларының бірегей тізілімін жүргізеді.

Берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларацияларының бірегей тізілімі жоғарыда көрсетілген құжаттардың талаптарына сәйкес сәйкестікті растау жөніндегі органдардың ұсынған мәліметтерінен құрылады. Электрондық есепке алу бойынша барлық мәліметтер аккредиттеу жөніндегі органға сәйкестік декларацияларын, берілген сәйкестік сертификаттарын беру және тіркеуге қарай күніге ұсынылады.


Кеден одағының техникалық регламенттерінде орнатылған талаптарға сәйкестікті бағалау бойынша жұмыстарды жүзеге асыратын кеден одағының сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген органдардың және сынақ зертханаларының саны Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай тізілімінің мәліметтеріне сәйкес 1 және 2 суретте келтірілген.

Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай тізіліміндегі ақпарат жалпыға қол жетімді және әрбір тұтынушы, егер өнімнің сапасы мен қауіпсіздігі күмән туғызса немесе мүдделі болса, осы тізілімдегі өнімге сәйкестігі үшін қолданылатын құжаттардың болуын тексере алады. Осы тізілімді дұрыс және уақытылы қолдану тізілімге енбеген сәйкестікті растау жөніндегі жалған құжаттарды анықтауға көмектеседі.

Жалған сәйкестікті растау құжаттарын беру фактісін анықтаған кезде кінәлі тұлғаларға қатысты шаралар қабылдаумен шектелмей сонымен бірге оның салдарын жою қажет. Тәжірибиеде құқық бұзушылық оқиға орын алғаннан кейін жедел әрекет етіледі: кінәлі жазаланады, түзету әрекеттері жасалады және т.б., бірақ, өкінішке орай, болып жатқан оқиғалардың түпкі себептері анықталмайды немесе жойылмайды. Осыған орай стандарттау және сәйкестікті бағалау жүйесін Еуропалық одақ тәжірибиесіндегідей жасау қажет және



Сурет 1 – КО сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген органдардың саны



Сурет 2 – КО сынақ зертханаларының саны

тұтынушыларды және уәкілетті органдарды жалған сәйкестікті растау құжаттары және адал емес сәйкестікті растау жөніндегі органдар туралы хабарландыру жүйесін құру қажет, бұл қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін жалған расталған өнімді қадағалауға және оларды айналымнан алып тастауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, бұл мәселені шешу үшін заңнамалық, орындау органдарының тарапынан, құқық қорғау органдарының және қоғамдық ұйымдар және тұтынушылармен бірлесіп жүйеленген шаралар қолдану қажет, себебі бірлескен жұмыстың арқасында нәтижеге жетуге болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Димов Ю.В. Метрология, стандарттау және сертификаттау, ЖОО арналған оқулық. М.: Питер, 2001ж. 331-332б.
- 2 «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық – құқықтық жүйесі.
- 3 Версан В.Г., Тавер Е.И. Сертификаттау. Отандық және шет ел тәжірибиесі. М.:МП Агро-принт, 1994ж. 132 б.
- 4 Михайловский В.В. «Фиктивная сертификация. Система распространения опасной, контрафактной и фальсифицированной продукции на рынок ЕАЭС» // «Антиконтрафакт-2015»: Халықаралық конференция материалдары, Москва, Ресей, 2015.

Б. Ұ. Байхожаева, А.А. Абенoва

Кафедра «Стандартизации и сертификации» Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Подтверждение соответствия продукции – залог безопасности продукции

Аннотация: Целью деятельности по подтверждению соответствия продукции является обеспечение безопасности продукции, процессов, работ, услуг для жизни и здоровья людей, охраны имущества граждан и окружающей среды.

Документы по подтверждению соответствия в большинстве случаев оформляются на импортную продукцию и часто выявляемые фальсифицированные, некачественные, опасные продукции завозятся именно из других стран. В данной работе рассмотрена практика борьбы с данной проблемой на примере стран Европейского союза и Евразийского экономического союза и для обеспечения безопасности внутреннего рынка страны от опасной, некачественной или фальсифицированной продукции предлагаются меры обеспечивающие достоверность и прозрачность процедур проведения работ по подтверждению соответствия. Предлагаемые меры способствуют решить актуальную проблему оценки соответствия продукции, это использование фиктивных документов по подтверждению соответствия.

Ключевые слова: безопасность, качество, сертификация, информационное обеспечение, сертификат соответствия, декларация о соответствии.

B.U. Bayhozhaeva, A.A. Abenova

Department "Standardisation and Certification" of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Product conformity confirmations - product safety guarantee

Abstract: The purpose of the activities to confirm the compliance of products is to ensure the safety of products, processes, works, services for the life and health of people, the protection of property of citizens and the environment.

Documents on the confirmation of conformity in most cases are processed for imported products and often detected falsified, poor quality, dangerous products are imported from other countries. This paper examines the practice of dealing with this problem on the example of the countries of the European Union and the Eurasian Economic Union and to ensure the security of the country's domestic market from dangerous, low-quality or falsified products, measures are proposed to ensure the accuracy and transparency of the procedures for confirming compliance. The proposed measures help to solve the actual problem of product conformity assessment, this is the use of fictitious documents on the confirmation of conformity.

Keywords: safety, quality, certification, information support, certificate of conformity, declaration of conformity.

References

- 1 Dimov Ju.V. Metrologija, standartizacija i sertifikacija, Uchebnik dlja vuzov. [Metrology, standardization and certification, Textbook for universities]. M.: Peter, 2001. 331-332p.
- 2 Zakon Respubliki Kazahstan «O tehničeskom regulirovanii» ot 09.11.2004 g. // Informacionno-pravovaja sistema normativnyh pravovyh aktov Respubliki Kazahstan «Әdilet». [Law of the Republic of Kazakhstan "On technical regulation" dated 09.11.2004 // Information and legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan "Adilet"].
- 3 Versan V.G., Taver E.I. Sertifikacija. Otechestvennaja i zarubezhnaja praktika. M.:MP Agro-print, 1994. 132 s. [Versan V.G., Taver E.I. Certification. Domestic and foreign practice. M.: MP Agro-print, 1994. 110-112 p.].
- 4 Mihajlovskij V.V. «Fiktivnaja sertifikacija. Sistema rasprostraneniya opasnoj, kontrafaktnoj i fal'sificirovannoj produkcii na rynek EAJeS» // «Antikontrafakt-2015»: Materialy mezhdunarodnoj konferencii, Moskva, Rossiya, 2015. [Mikhailovsky V.V. "Fake certification. Distribution system of dangerous, counterfeit and counterfeit products to the EEU market" // "Anti-counterfeit-2015": Materials of the international conference, Moscow, Russia, 2015].

Авторлар туралы мәлімет:

Байхожаева Б. Ұ. - «Стандарттау және сертификаттау» кафедра жетекшісі, техника ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Абенoва А.А. - «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасының магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Bayhozhaeva B.U. - doctor of technical sciences, professor, head of the Department "Standardisation and Certification", L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Abenova A.A. - master of the department "Standardisation and Certification", L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Редакцияға 19.02.2019 қабылданды